bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Мақтанышым – Астанам Ермек Өтетілеуұлы.

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 12.05.2020 | https://bilimger.kz/73961/ |

---

| | |
|---|---|
| **Пән: Әдебиеттік оқу**<br>**Орта мерзімді жосп*Сәулет өнері*** ***Жанды табиғат***<br>**Күні:9.12.2019ж**<br>**Сынып: 3 «В»-сынып** | **Мектеп: «Ы. Алтынсарин атындағы №1 мектеп – гимназия»**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:Игембай.Ш**<br>**Қатысқандар саны: 24**<br>**Қатыспағандар саны:0** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Мақтанышым – Астанам Ермек Өтетілеуұлы.** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары**<br>**(оқу бағдарламасына сілтеме)** | 3.3.3.1 – шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну.<br>мұғалімнің көмегімен фотосуреттерді пайдаланып, шығармашылық жұмыс жасау.<br>3.2.1.1. Шығарманы дауыстап, түсініп ,мәнерлеп оқу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>**Көптеген оқушылар:** шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>**Кейбір оқушылар:** берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| **Бағалау критерийлері** | ● Өлеңді мәнерлеп қатесіз оқиды.<br>● Сурет бойынша мәтін құрастыра алады.<br>● берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Бұл сабақ топта жұмыс істеу ережелерін орнату қабілеті төменірек оқушыларға қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Сурет бойынша мәтін құрастырып жазу барысында қазақ тілі пәніне байланысты болады. Астана тарихын әңгімелеуде дүниетануға байланысты. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, көрнекілік |
| **Ресурстар** | Топқа бөлуге арналған парақшалар, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б |
| **Бастапқы білім** | Екінші сыныпта өтілген тақырыптарды еске түсіреді. Менің туған өлкем тақырыбында оқушылар Астана туралы жаңа салынған көрікті жерлерін айта алады. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**2 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 минут** | **Жаңа топ құру**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>**«Сәлемдесу» ойыны:**<br>Қызығушылықты ояту.Сыныпты қалыпқа келтіру.<br>Топқа бөлу(түстер арқылы)<br>Көк аспанда күн күлсін<br>( қолдарын жоғары көтереді)<br>Ұл қолында ту тұрсын<br>(ұлдар қолында ту көтереді)<br>Қыз қолында гүл тұрсын<br>( қыздар қолдарына гүл көтереді)<br>Көк аспанда күн тұрсын.<br>(оқушылар қолдарын жоғары көтереді)<br>Бірге жүрсін бүлдіршін.<br>(қолдарын соғады)<br><br>**Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)**<br>**ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау**<br>**«Даналық ағашы» әдісі**<br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**-Жас Ахмет қандай болды?**<br>**-Ол қайда оқыды?**<br>**— Ахмет қай орталықтың тұрмыс тіршілігімен танысты?**<br>**-Туған жеріне неше жасында оралды?**<br>**-Оның ең бірінші қоныстанған жері қалай аталды?**<br>**-Қожа Ахмет Яссауиға арнап кім күмбез салды?**<br>**-Ғимараттың биіктігі қандай?**<br>**-Керемет күмбез деп не себепті аталды?**<br>**-Қазақстанда тағы да қандай сәулетті ғимараттар бар?**<br>**Тақырыпты болжау**<br>**«Пазл әдісі »**<br>**-Жарайсыңдар балалар, олай болса барлығыңыздың алдарыңызда суреттер бар сол суреттерді құрастырайық.**<br>**-Бұл ғимараттарды қайдан көрдіңіздер?**<br>**Әрине Астана қаласы.**<br>**Оқушыларды Астананың көрікті жерлерін ( суретттерді қиып тастап құрастыру) арқылы құрастырып 3 топқа біріктіреміз.**<br>**1 – топ «Бәйтерек »**<br>**2 – топ «Ханшатыр»**<br>**3 – топ «Пирамида»** | Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары<br><br>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Сабақтың ортасы**
**25 минут**

**«Тыңдалым»**
**2 минут**
**«Оқылым»**

**Сергіту сәті 3 минут**
**Бота Бейсенова**
**Астана**

**«Дамино 2» әдісі**
**1 — тапсырма**
**Қала атауына қатысты берілген дыбыстардан басталатын сөйлемдер ойластырып жазады.**
**1 – топ**
**А -алып -Ханшатыр**
**С – символы – Бәйтерек**
**2 – топ**
**Т – тұғырлы – Туы**
**А – асқақтаған — Әнұраны**
**3 – топ**
**Н – нұр шашқан – Қазақ елі монументі**
**А – арман қала – Астана**
**Саралау: қабілеті төмен оқушымен қабілеті жоғары оқушылар бірлесе жұмыс жасап , өз идеяларын айтуға үйренеді.**
**ҚБ«Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау**
**Олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:**
**Мақтанышым – Астанам.**
**Астана — ғажайыптар қаласы бейнебаян**
**«Мақтанышым Астанам» (аудио)**
**«Болжау » стратегиясы**
**2 – тапсырма:**
**Дауыстап оқу**
**Тізбектеп оқу**
**1. Арқаны бойлай Есіл жағасында орналасқан қала?**
**2. Ашық аспан астында күн санап қалай өзгеріп келеді, жаңа ғимараттарды атай аласың ба?**
**3 .Астананың бұрынғы атауы қалай аталады?**
**4. Қай жылы Астана атанды?**
**Осы сұрақтарға жауап алынады, болжамымен салыстырады. Өлеңді қайта шолып оқуға уақыт беріледі.**
***Дескриптор:***
- өлеңді қатесіз ,мәнерлеп оқиды.
- өлең бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады.
- өлеңнен қажетті ақпаратты тауып оқиды.
- өлең мазмұнына сәйкес мәліметтер табады.

**ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.**
**3 -тапсырма**
**«Автормен танысу» айдары**
**Ермек Өтетілеуов**
**(1938 – 2006) 1 қаңтарда Ақмола каласы яғни (қазіргі Астана) қаласында дүниеге келген. Ол кісі балалар ақыны , аудармашы , «Ең күшті адам», «Әдептілік әдемілік» , «Биік үйдің балалары» атты кітаптары бар. Ақынның шығармашылығы бірыңғай балаларға арналғандықтан , оның редакторлық қызметі де жас оқырманда үшін жазылған көркем әдебиетпен тікелей байланысты болады.**
**Астана — ғажайыптар қаласы бейнебаян**
**4 – тапсырма (дәптермен жұмыс)**
**«Еркін жазу » әдісі.**
**Өлең жолдарын ақын ойымен өрбітіп жазады.**
**1 – топ бір өлең, 2 – топ бір өлең, 3 – топ екі өлең жаза алады.**

| Өлең жолдары | Мысалдар |
|---|---|
| Қызу еңбек қайнаған, | |
| Алып құрылыс айналам. | |
| Астана – алып көрмесі,<br>Әсем сәулет өнері | |

***Дескриптор:***
**-Берілген кесте бойынша сұрақтарға жауап жаза біледі**
**— Ақын ойын өрбітіп әңгімелей алады.**
**ҚБ«Шапалақ» әдісі арқылы бағалау.**
**5 -тапсырма**
**«Суретпен жұмыс» (топтық тапсырма)**
**5 – тапсырмадағы суреттер таратылып беріледі.**
**«Ой бұлты» әдісі**
**«Көрікті Астанам» тақырыбына топта бірлесе отырып, мәтін құрастырады.(8 – 10 сөйлем)**
**ҚБ Смайл арқылы бағалайды.**
**Топпен жұмыс**
***Дескриптор:***
**-Көрікті Астана тақырыбына топта бірлесе отырып мәтін құрастырады;**
**-Суреттер бойынша мәтін құрастыра біледі**
**— мәтінді қатесіз жазады.**
**6 — тапсырма**
**Жеке жұмыс**
**— Өзің тұрған өлкеңнің көрікті жерлері туралы әңгімеле**
***Дескриптор:***
**Көрікті жерлері туралы әңгімелей алады.**
**7 – тапсырма (кестемен жұмыс)**
**«Кірпарақ әдісі» (жұптық жұмыс)**
**Оқушылар тапсырманы орындау үшін дереккөздерден**
**(кітап , ғаламтордан ) көрген мәліметтерін жинастырады. Онан соң жұппен ақылдасып , жинастырған мәліметтерін кестеге сүйеніп толтырады.**

| Астананың Бұрынғы атауы? | Қай жылы Астана атанды? | Бәйтеректің биіктігі қанша метр? | Астана қай өзеннің жағалауында орналасқан? |
|---|---|---|---|
| Ақмола1961 дейін Целиноград (1961 -1992), Ақмола (1992 — 1998) | 1998 жылы — 2019 жыл аралығында одан кейін 2019жыл 20 Наурызда Нұрсұлтан каласы болып өзгертілді | Бәйтеректің биіктігі 97м, шарымен қоса есептесе 105м. Шардың диаметрі – 22м, массасы – 300 тонна | Есіл өзенінің жағалауында орналасқан |

Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

Белсенді оқу тапсырмалары.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>**8 минут** | **Үйге тапсырма. Өлеңді түсініп оқу.**<br>**«Бір сөзбен» Астанаға бір- бірден тілектеріңізді айтып жіберіңіздер.**<br>**Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс.**<br>**«Бір ауыз сөз» әдісі**<br>**Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір гана сөз жазып оны тақтаға жапсырады.Өз ойларын түсіндіріп береді. Стикерлерге сабақты бағалайтын келесі сөздерді жазуға болады(оларды тақтаға алдын ала жазып қойған дұрыс): ұнады, пайдалы,қажет,білдім , үйрендім,қызықтым , ұмтылдым, есте сақтадым.** | Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. |

| **Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.<br>Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады. | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз | Денсаулық сақтау технологиял ары. Сергіту сәттері мен белсенді іс- әрекет түрлері.<br>Осы сабақта қолданылат ын<br>Қауіпсіздік техникасы<br>ережелерінің тармақтары. |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.